

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŇ BILIM JÁNE ҒYLYM MINISTRLOGI
Ó. SULTANGAZIN ATYNDAǴY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGIKALYQ ÝNIVERSITETI



**«Sultangazin oqylary» I-shi Halyqaralyq
ǵylymi-praktikalyq konferensiasynyŇ
MATERIALDARY**

17-18 мамыр 2019

**МАТЕРИАЛЫ
I-ой Международной научно-практической
конференции «Султангазинские чтения»**

17-18 мая 2019

**MATERIALS
of the Ist International scientific and practical
conference «Sultangazin readings»**

May 17-18, 2019

Qostanai, 2019

ӘОЖ 378 (094)
КБЖ 74.58
С 89

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бас редактор

Әбіл Еркін Аманжолұлы
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактордың орынбасарлары:

Медетов Нурлан Амирович
физика-математика ғылымдарының докторы
Ташетов Аманжол Аскарович
PhD докторы

Редакциялық алқа мүшелері:

Утегенова Бибикуль Мазановна
педагогикалық ғылымдар кандидаты, доцент
Евдокимова Ольга Николаевна
педагогикалық ғылымдар кандидаты
Балгабаева Гаухар Зкрияновна
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Жумабаев Канат Аканович
кандидат экономических наук
Бобренко Марина Александровна
Сатбаева Муснай Тулегеновна
Жиенбаева Аида Аманжолқызы

С 89 «Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. = Материалы международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения». = Materials of the international scientific and practical conference on «Sultangazin readings». – Қостанай, 2019.

ISBN 978-601-7934-72-9

«Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары жинағында білім беру жүйесін дамыту мен кадрларды даярлаудың ғылыми әлеуетін арттыру, қоғамды дамытудың маңызды мәселелері және «Мәңгілік Ел» бағдарламасының негізгі принциптерін жүзеге асыру жайында зерттеулер жарық көрді.

В материалах международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения» опубликованы исследования актуальных вопросов развития системы образования и научного потенциала подготовки кадров, общества и реализации основных принципов программы «Мәңгілік ел».

The materials of the international scientific-practical conference «Sultangazin Readings» are devoted to studies of topical issues of the development of the education system and the scientific potential of personnel training, society and the implementation of the basic principles of the program «Мәңгілік ел»

ӘОЖ 378 (094)
КБЖ 74.58

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің
Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған

Жинақта ұсынылған мақалалардың мазмұны үшін жеке автор(лар) жауапты

ISBN 978-601-7934-72-9

© Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай
мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЖЕҢІЛ АҚЫЛ-ОЙЫ КЕМІСТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Features of formation of geometric representations
in children with mild mental retardation in mathematics lessons*

А.К. Нурова¹, Ш.Б. Оспанова²
A.K. Nurova¹, Sh.B. Ospanova²

¹²Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті,
Қостанай, Қазақстан, nurova.asemgul@mail.ru, sholpan1397@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада жеңіл ақыл-ойы кем дәрежесіндегі балалардың математика сабағында геометриялық түсініктерінің қалыптасу ерекшеліктері мен қалыптастырудың тиімді әдісі көрсетілген.

Abstract

This article presents effective methods of formation and features of the formation of geometric representations in the lessons of mathematics in children with mild mental retardation.

Кілт сөздер: олигофрения, жеңіл дәрежедегі ақыл-ой кемістігі, математика, геометрия, дидактикалық ойындар.

Key words: oligophrenia, easy degree of mental retardation, mathematics, geometry, didactic game.

Арнайы оқытудың қазіргі жүйесі, өмір сүрудің әлеуметтік-экономикалық жағдайының өзгеруі ақыл-есі кем оқушыларды өндірісте және қоғамда әлеуметтік тиімді бағдарлануға үйретудің күшеюін қажет етеді. Осы мәселені шешу жолында кіші мектеп оқушыларына математика сабағында геометриялық элементтерді оқыту тиімді болып табылады. Ақыл-есі кем оқушылар үшін геометриялық материалдар кәсіби-еңбектік біліктілікті меңгерудің теориялық базасы болып табылады, сондай-ақ олардың болашақ тәжірибелік іс-әрекетінде маңызды орын алады.

Түзету педагогикасы мен арнайы психологияда қабылданған «ақыл-ой кемістігі бар бала» ұғымы құрамы жағынан әртүрлі балалар тобын қамтиды, олардың құрамында диффузды сипаты бар, бас ми қабығының органикалық зақымдануының бар болуын біріктіреді. Морфологиялық өзгерістер баланың бас миы қабығының көптеген бөліктерін қамтиды да, олардың құрылысы мен функцияларын бұзады. Осының бәрі балада әртүрлі айқын ауытқулардың көрінуіне себеп болып, оның психикалық іс-әрекетінің барлық түрлеріне, әсіресе танымдық қызметінің зақымдануына негіз болады [1].

А.Р. Лурия, В.И. Лубовскийдің, М.С. Певзнер, Г.Е. Сухарева зерттеулерінде ақыл-ой кемістігіне ми қабығының органикалық зақымдануынан туындаған танымдық қызметтің тұрақты, қайтымсыз байқалатын бұзылуды жатқызуға негіз береді. Ақыл-ойы бұзылулары бар балаларда шартты-рефлекторлық қызметте өрескел өзгерістер барын, қозу және тежеу процестерінің теңдестірілуі, сондай-ақ сигналдық жүйелердің бұзылуы бар екенін көрсетті. Осының барлығы олигофрен балалардың психикалық дамуының негізгі ерекшеліктеріне мыналар жатады: танымдық қызметтің жоғары формаларының қалыптаспауы (талдау, синтез, жинақтау, абстракция); ойлау нақтылығы мен беттік; сөйлеудің баяу дамуы; эмоциялық-еріктік саланың жетілмеуі.

Психиканың қалыпты дамуында балалар жаңа әсер қажеттілігі маңызды орын алады. Өйткені, ол танымдық қажеттілікке айналып, әрі қарай баланың психикалық процесінің дамуының қозғаушы күші болып табылады. Ал, интелектісі бұзылған балаларда жаңа әсер

алу қажеттілігі мен танымдық қажеттілік айтарлықтай әлсіреген. С.Д. Забрамнаяның зерттеулері көрсеткендей, таным үдерісінің барлық кезеңдерінде ақыл-есі кем дамыған элементтер, ал кейбір жағдайларда психикалық функциялардың атиптік дамуы орын алады. Нәтижесінде, бұл балалар қоршаған орта туралы толық емес және бұрмаланған түсініктерді алады. Сондықтан, олардың айналадағы орта туралы тәжірибесі өте нашар дамиды.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі – психикалық дамымаудың ең жеңіл дәрежесі. Жеңіл ақыл-ой кемістігі балалар үшін танымдық мүдделердің дамымауы тән, ол олардың қалыпты құрдас-тарына қарағанда, таным қажеттілігін азырақ сезінеді. Бұл балалардың өзіндік ерекшелігі – олар жалпы мектеп жағдайында білім ала алмауы: бастауыш мектеп беретін жұмыс қарқыны мен білім көлемі ол үшін мүмкін емес. Сондықтан, жеңіл ақыл-ой жағынан артта қалған балалар көрнекі оқыту әдістеріне негізделген түзету мектебінің бағдарламасы бойынша оқуға қабілетті. Оқушаларда оқыту жүйесінде көптеген қиындықтар туындайды, әсіресе математикалық және геометриялық түсініктерінің қалыптасуында.

Арнайы (түзету) мектепте математика сабағын оқытуда, қарапайым түсініктерді қалыптастыру мен дамыту жолдарын анықтаудың негізі ретінде оқушының жеке басының іс-әрекетін қасиетіне деген қызығушылықтың ыңғайынан алған абзал. Қарапайым түсініктерді қалыптастыру оқушылардың танымдық сұранысының объективті көрінісі ретінде, яғни олардың шығармашылық есептерді орындауда білімі, біліктілік және машақтарға ие болуларына бағытталған қауырт оқу танымдық іс-әрекеті ретінде көрінеді. Осындай іс-әрекетті басқаратын, қарастырылып отырған математикалық жағдайдың (ол әртүрлі есеп, тапсырмалар, проблемалық мәселелер болуы мүмкін) шешімін табуда оқушының іс-әрекетінің шығармашылық сипатында өрбуіне жетелейтін әдістемені жасау қажеттілігінен туып отыр [2].

Бастауыш мектепте қарапайым түсінікті қалыптастыру оқыту әдістемесі (Л.В. Занков, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов, В.В. Репкин, В.А. Левин) жоспарлап ұсынған. Арнайы (түзету) мектебінің оқушылары математиканы оқыту процессінде арифметикалық білімді ғана емес, сонымен қатар геометриялық білім бойынша мәліметтерді де алады.

Арнайы (түзету) мектеп оқушылары математика сабағында геометриялық элементтерді оқу барысында кеңістіктік түсініктерін, геометриялық фигуралардың кеңістікте өзара орналасуын, пішіні мен мөлшері туралы түсініктерді қалыптастыру үшін қолайлы алғышарттар жасайды. В.П. Гриханова, Ю.Т. Матасова, М.Н. Перова, Е.Ф. Сегалевич, П.Г. Тишиннің пайымдауынша, зияткерлік дамуында ауықуы бар оқушыларды жан-жақты дамыту құралы ретінде геометриялық білімнің мәні ерекше.

Геометриялық материалды зерттеу барысында оқушылар нақты заттардың қасиеттерінен абстрактіленуге үйренеді, салыстыра және байланыстыра отырып, геометриялық фигуралар мен денелерді саралап, жіктеп, нәтижесінде олардың жалпылауға қабілеті дамиды. Осының барлығы ақыл-ой қызметінің тәсілдерін қалыптастыруға, кеңістіктік түсініктердің кемшіліктерін түзетуге көмектеседі, оқушылардың танымдық қызметін жандандырады, қоршаған кеңістіктегі практикалық бағдарды, моториканы, сөйлеу мен ойлауды дамытады, яғни ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде айтарлықтай түзету рөлін атқарады. Бірақ, геометриялық материалды меңгеру жеңіл ақыл-ойы кем оқушылар үшін ерекше қиындықтар тудырады. Бұл қиындықтардың себептері ең алдымен балалардың танымдық және эмоционалды ерік-жігер қызметінің ерекшеліктерінен тұрады: зейіннің, қиялдың дамымауы, талдаудың және синтездің жетілмегендігі, жалпылаудың әлсіздігі.

П.Г. Тишин, Ю.Т. Матасов, Т.Н. Головинның жүргізген зерттеулері бойынша жеңіл ақыл-ойы кем оқушылардың геометриялық материалды меңгеру кезінде белгілі бір ерекшеліктер тән екендігін көрсетеді. Мысалы, ақыл-есі кем балалар қоршаған ортада, қағаз бетінде нашар бағдарланады. Олардың көпшілігі, заттардың жағдайын көрсететін терминдерді ажыратпайды немесе дұрыс қолданбайды: оң, сол, жоғарғы, төменгі, алдыңғы, артқы, жоғарғы, жанында және т. б. Оқушылардың оқыту процесіндегі сурет салу, сызу, модельдеу бойынша кеңістіктік бағдарлауда үлкен қиындықтарының туындайтынын көрсетті.

Оқушылар геометриялық фигураларды, әсіресе көпбұрыштарды әлсіз саралайды. Үлгі бойынша фигураларды іріктеу кезінде олардың қателіктері аз. Алайда, стереотиптік және бір мағыналы ұғымдарға байланысты ақыл-ой кемістігі бар оқушылар тек өлшемі мен түсі бойынша үлгімен бірдей фигураларды іріктеп алады. Едәуір көп қателіктер оларды фигуралардың атаулары бойынша сұраған кезде туындайды. Оқушылар геометриялық фигуралардың атауларын қиындықпен есте сақтайды және тиісті фигураға сәйкес келмейді.

Оқушылар бұрыштарды және бұрыштардың түрлері бойынша, үшбұрыштарды жіктеу кезінде қиындықтар байқалады. Тік бұрышты, тік бұрышты үшбұрыш пен тіктөртбұрышты шатастырады. Балалардың жауаптарындағы мұндай қателерді осы фигураларды ажырату қиындықтарымен ғана емес, фонематикалық естудің жетілмеуімен де түсіндіруге болады. Әсіресе, оларға үшбұрыш, тікбұрыш, параллелограмм және параллелепипед сияқты фигуралардың атауларын есте сақтау мен дұрыс айтуы өте қиын. Өйткені, жеңіл ақыл есі кем оқушылардың сөйлеу аппаратының жетілмеуінен сөйлеу тілің айтылу жағынан кемшіліктері байқалады. Ойлаудың жалпылама функциясының әлсіздігінің салдарынан, оқушылар геометриялық фигуралардың белгілерін ажыратудағы қиындықтыры мен анық түсініктерінің болмауына әкеледі.

Оқушылар геометриялық фигураларға мысалы, шамалар мен аудандарды, көлемді, құралдардан ұштағыш пен қарындашты, парақ пен сызба құралдарын жатқызады. Фигураның анықтамасын бере отырып, оқушылар жеткілікті назар аудармай тек қана маңызды белгілерінің біреуін ғана көрсетеді: «бұл шаршы, оның барлық жақтары тең», «бұл тіктөртбұрыш, оның қарама-қарсы жақтары тең». Мұндай жауаптар оқушылардың геометриялық түсініктерінің фрагменттілігін, бытыраңқылығын, геометриялық түсініктердің қалыптаспауын дәлелдейді. Әсіресе, оқушыларға фигураларды салыстыру ерекше қиындық тудырады. Тіпті білімі болса да геометриялық фигуралар мен денелерді салыстыра алмайды.

Психологиялық зерттеулер бойынша жеңіл ақыл есі кем оқушыларға әдеттегі затты ерекше жағдайда берілген кезінде, басқа зат ретінде қабылдайды. Сондықтан, оқушыларға таныс геометриялық фигураны үйреншікті емес жағдайда көрсеткенде қателесуі, олардың қабылдауының ерекшелігін байқаймыз. Осы қиындықтарды ескере отырып, мұғалім оқушылардың қиялдағы кемшіліктерін түзету үшін фигуралардың жазықтықта орналасуын үш өлшемді кеңістікте өзгертуі тиіс. Ақыл-ой кемістігі бар оқушыға фигураны атауы мен қасиеттері туралы айтудан гөрі, фигураны көрсету (табу) оңай, яғни пайымдауды көрнекі әсермен ауыстыру үрдісі байқалады.

Арнайы (түзету) мектеп оқушыларының шамалар туралы әлсіз түсініктері бар, олардың арасындағы елеулі айырмашылықты көрмейді, әрбір шаманың өлшем бірліктерін анық білдірмейді. Көп жағдайда бір сызықтық шараларды басқалармен, ауданның өлшем бірліктерімен ұзындығын немесе көлемін өлшеу бірліктерімен, көлем өлшемдерімен – ұзындық шараларымен немесе аудан шараларымен ауыстыру байқалады. Мұның себебі олардың атауларынан өлшем бірліктерінің нақты бейнесін үзіп алу болып табылады [3].

Ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың геометриялық білімдерін практикалық жұмыста қолдану кезіндегі қиындықтары байқалады. Оқушылардың ұзақ моторикасы нашар дамығандықтан сызғышпен, сызба үшбұрышымен, циркулмен, транспортирмен жұмыс істеу дағдыларын әрең меңгереді. Сызғыштың көммегімен өлшеген кезде, олар жиі нөлдік бөлуден емес, сызғыштың соңынан немесе бірліктен шығарады. Бұрыштарды салыстыру кезінде оқушылар өлшенетін бұрыш пен сызба үшбұрышының шыңдарын дұрыс біріктіру дағдыларын ұзақ уақыт меңгереді. Осының салдарынан математика сабағында геометриялық түсініктерін қалыптастыру өте қиын және мақсатты оқу-түзету іс-әрекеттеріңсіз мүмкін емес.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларда математикалық түсініктерді дамытуы сандық және сапалық жағынан ерекшеленеді. Жеңіл ақыл-ойы кем оқушылардың математика сабағында геометриялық түсініктерін қалыптастыру құралы ретінде дидактикалық ойындарды қолдану өте тиімді. Өйткені, дидактикалық ойындарды тиімді пайдалану арқылы сабақтың әсерлігін, тартымдылығын, белсенділігін, баланың ынтасын күшейтеді. Математика сабақта-

рында ойын элементтері көмегімен оқушылардың ой-өрісін дамытып, танымдық белсенділік қасиеттерін арттырады. Сонымен қоса, теорияны практикамен ұштастыруға жол ашады [4].

Ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқыту негізінде ұйымдастырылған сабақтар жатыр, онда үлкендерге жетекші рөл беріледі. Әрбір педагог балалардың жас ерекшеліктерін, олардың дамуындағы ауытқуларын, енжарлық және көрнекі құралдармен белсенді әрекет етуді қалауын ескеруі тиіс. Педагог балаларда жағымды эмоционалдық қарым-қатынасты ұсынылған қызметте үнемі қалыптастыруы қажет. Дәл осы мақсатта дидактикалық ойындар қызмет етеді. Өйткені, дидактикалық ойын – бұл оқыту кезіндегі ересектің балаға әсер етуінің бір түрі. Ал ойын өз кезегінде балалар қызметінің негізгі түрі болып табылады. Осылайша, дидактикалық ойын екі мақсаттан тұрады: ересек адам үшін оқытушы болса, ал бала үшін ойын әрекеті болып табылады. Бұл екі мақсат бір-бірін толықтырып, бағдарламалық материалды меңгеруді қамтамасыз етуі тиіс. Дидактикалық ойын – оқытудың өте жақсы құралы, сондықтан мұғалім-дефектолог кез келген бағдарламалық материалды меңгеруде кеңінен қолданады.

Оқыту процесіндегі дидактикалық ойынның ерекшелігі, ойын оқыту процесін тиімді, эмоционалды және балаға өз тәжірибесін алуға мүмкіндік беруімен анықталады. Дидактикалық ойында әрбір бала өзінің іс-әрекеті мен сезімдерінен тәжірибе ала отырып, белгілі бір жағдайда өз бетінше әрекет жасауға мүмкіндік алатын жағдайлар жасалуы тиіс. Бұл затпен іс-әрекет тәжірибесі жеткіліксіз және жалпыланбаған интеллектісі бұзылған балалар үшін өте маңызды [5]. Математика сабағында дидактикалық ойындарды қолдану арқылы жеңіл ақыл-ойы кем балалардың зейінін, есте сақтауын, байқағыштығын, көзбен мөлшерлеуін, тапқырлығын дамытуға, математикалық білімдерін, икемділіктері мен дағдыларын, заттарды түсі, өлшемі, пішіні бойынша топтастыруға, кеңістікте бағдарлануға, салыстыруға, ажыратуға қолданылатын тиімді құрал ретінде таныған жөн.

Сондықтан, арнайы мектепте математика сабағында дидактикалық ойындардың қолдануы тиімді екені сөзсіз, ойын арқылы барлық құрылымдық элементтерінің үйлесімділігін, олардың өзара байланысын, сабақтың ұйымдастырылу деңгейін көтереді және тиімділігін арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Андрущенко Т.Ю., Карабекова Н.В. Коррекция психического развития младшего школьника на начальном этапе обучения. Вопросы психологии. – 2003. – №1. – 10 с.
2. Аббасов М.Г. Развитие пространственной ориентировки у учащихся вспомогательной школы: Дисс. канд. пед. наук. – Баку, 2000. – 138 с.
3. Актуальные проблемы методики обучения математике в начальных классах / Под. ред. М.Л.Моро, А.Ж.Пышкало. – М.: Педагогика, 2002. – 247 с.
4. Сулейменова Р.А. О содержании обучения умственно отсталых детей. Методическое пособие. Министерство народного образования Каз. ССР, РУМК. – Алма-Ата, 2004. С. 96с
5. Бобкова О.В. Формирование геометрических представлений на основе межпредметных связей у младших школьников с нарушением интеллекта (на уроках математики и ручного труда): Дисс. канд. пед. наук. – М. 2007. – 214 с.
6. Перова М.П. Методика преподавания математики в специальной (коррекционной) школе VIII вида: Учеб. для студ. дефект. фак. педвузов. – 4-е изд., перераб. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2001. – 43 с.

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

CONTENT

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Е.А. Әбілдің құттықтау сөзі.....	3
Приветственное слово ректора Костанайского государственного педагогического университета имени У. Султангазина, доктора исторических наук, профессора Е.А. Әбіл.....	5
Greeting speech of the Rector of Kostanay state pedagogical university named after O Sultangazin, doctor of historical sciences, professor E.A. Abil.....	6

1 СЕКЦИЯ

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ CURRENT ISSUES OF THE EDUCATION SYSTEM DEVELOPMENT

<i>Абдулина Г.Б.</i> Развитие учебной самостоятельности будущих техников-программистов на основе интерактивных средств изучения дисциплин профессионального цикла.....	8
<i>Абдыкаликова К.А., Қанезова А.М., Жунаева М.Н.</i> Органикалық заттардың құрылысын анықтауда физика-химиялық әдістерді қолдануға негізделген есептер.....	10
<i>Айгужина Г.З., Омаров А.Р., Темирғалиева С.Е.</i> Роль адаптивной физической культуры в социализации инвалидов и лиц, с отклонениями в состоянии здоровья.....	13
<i>Айтбенова А.А.</i> ICT сабағында CLIL әдісін қолданып тілдік күзiреттiлiктi қалыптастыру.....	16
<i>Алипбаева Г.А., Кабиева А.Н.</i> Психикалық дамуы тежелген кiшi мектеп жасындағы оқушылардың қоршаған орта сабақтарында оқуға деген ынталарын қалыптастыру бойынша түзету жұмысы.....	20
<i>Ахметбекова З.Д.</i> Влияние интернета на развитие толерантности у студенческой молодежи.....	24
<i>Ахметова Э.Б., Баймаганбетова К.Т.</i> География сабақтарында проблемалық оқыту әдістерін қолдану.....	27
<i>Балаканова А.Е.</i> Технология CLIL в преподавании общеобразовательных дисциплин.....	31
<i>Балжанова А.М.</i> Языковое образование в контексте современных образовательных тенденций в Казахстане.....	33
<i>Бекетова А.С., Гринь Л.В.</i> Современные инновации в системе образования.....	37
<i>Бектурганова Р.Ч., Кетебаева К.К.</i> Из опыта работы Костанайского колледжа Зерек по подготовке будущих учителей к исследовательской деятельности на основе информационно-коммуникационных технологий.....	40
<i>Бикенова Г.С., Садақбаева А.А.</i> Төменгі сынып оқушыларын шетел тілінде сөйлеуге үйретуде компьютерлік ойынның тиімділігі.....	44
<i>Брагин Е.А.</i> Изучение миграционных маршрутов и мест зимовок хищных птиц Костанайской области.....	46
<i>Волкова Н.А.</i> Формирование художественно-эстетической компетенции студентов-дизайнеров посредством декоративно-прикладного искусства.....	51
<i>Ерсултанова З.С.</i> Жоғары білім беруде ақпараттық коммуникациялық технологиялардың ролі.....	54
<i>Жандауова Ш.Е., Байтасова А.В.</i> Развитие логического мышления на уроках математики как основа повышения качества образовательного процесса.....	57

<i>Жұмағалиева Б.М., Срайыл Г.І.</i> Комплексометрияның сульфат анионын анықтауда қолданылуы	60
<i>Журсиналина Г.С.</i> Дуалды оқыту жүйесі – студенттерді іскерлік жетістігіне жеткізетін құрал.....	64
<i>Казакова О.В.</i> Развитие коммуникативной компетентности студентов в контексте психологического благополучия личности	69
<i>Каппасова Ш.Е.</i> Мұғалімнің рефлексивті тәжірибесі – оқыту үрдісін жақсартудың негізі	72
<i>Карасартова Ш.К., Алькенова Б.К.</i> Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудағы оқу сауаттылығына дайындаудың жолдары	78
<i>Ковальчук Н.В.</i> Воспитание патриотизма через научно-исследовательский подход в обучении истории	81
<i>Ковш Н.А.</i> Реализация компетентностного подхода в процессе формирования будущего учителя физической культуры в условиях профессиональной практики	83
<i>Кравченко Т.Н.</i> Праздники как форма духовного обогащения учащихся.....	87
<i>Курбаева Г.А.</i> Девиантты мінез-құлықты жеткіншектермен қарым-қатынас тренингтері.....	92
<i>Лопарева Ю.В., Бактығалиева А.К., Усенова Г.Р.</i> Актуальные проблемы в работе с музыкально-одаренными студентами и эффективные методы их обучения.....	95
<i>Мурзағалиева А.А., Валяева Е.А.</i> К вопросу изучения биоразнообразия териофауны севера Костанайской области	99
<i>Нурмагамбетова Г.Т.</i> Оқыту технологияларының маңызы	101
<i>Нурова А.К., Оспанова Ш.Б.</i> Математика сабағында жеңіл ақыл-ойы кемістігі бар балалардың геометриялық түсініктерін қалыптастыру ерекшеліктері	105
<i>Нурова А.К., Қуанышбаева И.Б.</i> Кіші мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балалардың оқуды оқыту сабағында монологтік сөйлеуін дамыту.....	109
<i>Муртазина А.М.</i> Реализация полиязычия в подготовке будущих воспитателей детского сада	113
<i>Садақбаева А.А. Бикенова Г.С.</i> Развитие мыслительной деятельности учащихся в рамках обновленного содержания образования	114
<i>Сайболова А.А.</i> Эффективность нравственного воспитания посредством уроков русского языка и литературы.....	118
<i>Саулембекова Р.М., Кабдушева А.Ж.</i> Формирование творческого потенциала личности через использование проблемно-поисковых заданий творческого характера.....	122
<i>Севостьянова С.С., Бродельщикова Л.Е.</i> Психолого-педагогическая коррекция эмоциональных нарушений у детей с задержкой психического развития.....	127
<i>Сулейменова Г.М.</i> Интертекстуальные связи в жанре литературной сказки.....	131
<i>Султанбекова А.Ж.</i> Интерактивті әдістің түрлері мен оларды сабақтарда пайдаланудың мүмкіндіктері.....	136
<i>Таурбаева Г.У.</i> Химиядан есептер шығару әдістемесінің кейбір аспектілері.....	139
<i>Ташпеков Г.А.</i> Вузовское дополнительное образование в Саратовской области.....	143
<i>Ташпекова А.Т.</i> К вопросу о научно-исследовательской деятельности курсантов и степени вовлеченности в ней научного руководителя.....	145
<i>Тулегенова М.А.</i> Русская периодическая печать конца XIX-начала XX века об организации перевозки крестьян-переселенцев в Казахстан	149
<i>Уайсова М.М., Бужинская Н.В., Васева Е.С.</i> Разработка и применение WEB-сайта для организации ежегодного международного конкурса по компьютерной графике.....	153
<i>Хатизов Е.И.</i> Рекомендации по созданию коллекции в этническом стиле	158
<i>Черникова А.А.</i> Адаптация учебных мигрантов, обучающихся в российских вузах путем выявления различий в культурных кодах.....	161
<i>Шалатина О.Б., Калинина А.А.</i> Театральное мастерство как один из способов повышения воспитательного потенциала студентов педагогических колледжей	164